1. Осы Ереже «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Павлодарэнерго» АҚ-ның Жарғысына сәйкес әзірленген және «Павлодарэнерго» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) орналастырылған акцияларды сатып алу тәртібін және Қоғам акцияларды сатып алған кезіндегі олардың құнын айқындау әдістемесін белгілейді.
2. Осы Ережені Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бекітті.
3. Қоғамның жұмыс істеп жатқан акционерлері осы Ережемен танысуға құқылы.
4. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) *Қоғам акциялары* – шығарылған әрі Қоғам акционерлерінің арасында орналастырылған және Қоғамды басқаруға қатысу, олар бойынша дивидендтер мен Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын Қоғамның жай (НИН KZ1C49190016) акциялары;
  - 2) *бағалы қағаздардың қайталама нарығы* – орналастырылған бағалы қағаздардың айналыс процесінде бағалы қағаздар нарығының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастар;
  - 3) *маркет-мейкер* – сауда-саттықты ұйымдастырушылар тартқан және өзіне Қоғамның акциялары бойынша екі жақты баға белгілеуді (сұраныс пен ұсыныс) үнемі жариялап отыру әрі қолдау міндеттемесін алған және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына және Қоғаммен маркет-мейкер қызметтерін көрсетуге жасалған шарттың талаптарына сәйкес іс-әрекет ететін сауда-саттықты ұйымдастырушылардың мүшесі;
  - 4) *бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығы* – эмиссиялық бағалы қағаздардың және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес мәмілелер жасалатын өзге де қаржы құралдарының айналыс аясы;  
↳ *сауда-саттықты ұйымдастырушылар* – *қор биржасы және биржалар тұл* бағалы қағаздар нарығының баға белгілейтін ұйымы;
  - 5) *тіркеуші* – Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімі жүйесін қалыптастыратын, сақтайтын әрі жүргізетін бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысы.
5. Осы Ереженің қолданылуы Қоғам:
  - Қоғамның бастамасы бойынша;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда акционердің талабы бойынша;
  - акционердің мәлімдемесі бойынша;
  - соттың шешімі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алған жағдайына таратылады.
6. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы оларды кейіннен сату, акционерлердің құқықтарын сақтау мақсатында (Қоғамда акционерге тиесілі Қоғам акцияларын сатып алу міндеті туындаған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарды жүзеге асырылады.
  7. Қоғамның Қазақстан Республикасының резиденттері емес-акционерлерден орналастырылған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасымен белгіленген талаптарды ескере отырып Қазақстан Республикасының резиденттері-акционерлер үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
  8. Қоғамның осы Ережемен көзделмеген негіздер бойынша өзі шығарған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
  9. Қоғам сатып алған акциялар оның акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын айқындаған кезде ескерілмейді және онда дауыс беруге қатыспайды.
  10. Қоғам сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

## **2-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ**

11. Қоғамның мүдделерін ескере отырып және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа ала отырып, Қоғам Президенті Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуы туралы шешімді қабылдау жөніндегі өтінішпен хабарласуға құқылы. Бұл ретте Қоғам Президентінің өтінішіне акцияларды сатып алу жөніндегі ұсыныстар қоса берілуі тиіс, соның ішінде:
  - сатып алудың мақсатына лайық екендігінің негіздемесе және Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу мақсаты;
  - Қоғамның сатып алуына ұсынылатын Қоғамның орналастырылған акцияларының саны мен түрі;
  - орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын айқындау әдістемесі;



- сатып алудың өзге де шарттары.
12. Президенттің өтінішімен келіскен жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.
  13. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Ережеде көзделген жағдайларда өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқылы емес.
  14. Егер Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын орналастырылған акциялардың саны акцияларды сатып алу-сату мәмілесін (мәмілелерін) жасауға дейін олардың жалпы санының бір пайызынан асып кетсе, Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыруды жариялау арқылы өзінің акционерлеріне мұндай сатып алу туралы жария етуге міндетті.
  15. Қоғам сатып алатын орналастырылған акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс, ал қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуға жұмсалатын шығындар Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он пайызынан аспауы тиіс:
    - 1) акционердің талабы бойынша орналастырылған акциялар сатып алынған кезде – Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының акционерге оған тиесілі Қоғам акцияларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатып алуды талап талап ету құқығын беретін бір немесе бірнеше шешім қабылдау күнгі жағдай бойынша;
    - 2) орналастырылған акциялар Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынған кезде – Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша.
  16. Егер акционерлер сатып алуға мәлімдеген Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы саны Қоғам сатып алуы мүмкін акциялар санынан асып кеткен жағдайда, сатып алуға мәлімделген акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына тепе-тең етіп сатып алынады.
  17. Қоғам акционерлерден сатып алатын акциялар пропорциясының коэффициенті былайша есептеледі:

$$K = A / C$$

$K$  – пропорция коэффициенті;

$A$  – Қоғам сатып алуға жариялаған акциялардың жалпы саны;

$C$  – Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуға мәлімделген акциялардың жалпы саны.

18. Қоғам акционерден сатып алатын акциялардың түпкілікті саны акционер сатып алуға мәлімдеген акциялардың санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі. Егер жоғарыда сипатталған есептеуді қолдану қорытындылары бойынша Қоғам акционерден сатып алатын акциялардың саны акциялардың бүтін санына тең болмаса, Қоғам мұндай акционерден сатып алатын акциялардың саны аз не көп жаққа дөңгелектенеді.
19. Қоғамның өзі орналастырған акцияларды сатып алуы Қоғам акционердің жеке басын, оның дәрменділігін, оған меншік құқығында тиесілі Қоғам акцияларының саны расталғаннан кейін, тараптар акцияларды сатып алу-сату шартына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен акцияларды сатып алу-сату мәмілелерін тіркеуге және акцияларды есептен шығаруға/есепке алуға арналған Бұйрықтарға қол қойғаннан кейін жүзеге асырылады.
20. Акцияларды есептен шығаруға/есепке алуға арналған бұйрықтар (бұдан әрі – Бұйрықтар) акционердің жеке шотынан Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі сатып алынған бағалы қағаздарға арналған Қоғам шотына акциялардың меншік құқығын қайта тіркеу үшін негіздеме болып табылады.
21. Бұйрықтарды қабылдайтын тіркеушінің маманы не Қоғамның бағалы қағаздар бойынша қызметкері құжаттардың дұрыс толтырылуын тексеріп, оларды Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі деректермен салыстырып тексереді.
22. Бұйрықтарды қабылдау күн сайын Қоғам сатып алатын акцияларды сатуға арналған өтінімдерді қабылдаудың барлық мерзімі ішінде жүзеге асырылады.
23. Акцияларды сатып алу-сату шартында міндетті түрде ақшаны сатып алынатын акцияларды төлеу үшін аудару арқылы акционердің (заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның) банктік деректемелері туралы мәліметтер не акционерлер сатып алынатын акциялардың ақысына қолма-қол ақшаны ала алатын орын туралы мәліметтер (жеке тұлға – акционерлер үшін), тұратын жердің дәл мекен-жайы және байланыс телефоны болуы тиіс.
24. Акцияларды сатып алу бойынша акционермен түпкілікті есеп айырысу Акцияларды сатып алу-сату шартында белгіленген тәртіппен жасалады.
25. Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің келісімімен сатып алынатын акциялардың ақысын ақшадан басқа, Қоғамның мүлкімен төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
26. Осы Ереженің 2-тарауы тармақтарының қолданылуы осы Ереженің 3; 4; 5 және 6-тарауларына таралады.



### 3-тарау. ҚОҒАМНЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

27. Қоғам өз бастамасы бойынша, егер өзгесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғам Жарғысында белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде акционердің келісімімен өзі орналастырған акцияларды сатып алуға құқылы.
28. Қоғам өзі орналастырған акцияларды мынадай жағдайларда сатып алуға құқылы емес:
  - егер осы акциялар дәл сол шығарылымның акциялары болып табылса, орналастыру қорытындылары жөніндегі есеп бекітілмеген болса, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп бекітілгенге дейін;
  - егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болып қалса;
  - егер сатып алу сәтіне Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі белгілеріне жауап берсе не осы белгілер Қоғамда акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;
  - егер сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса;
  - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Қоғам Жарғысымен көзделген өзге де жағдайларда.
29. Егер Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын орналастырылған акциялардың саны акцияларды сатып алу/сату мәмілесін (мәмілелерін) жасауға дейін олардың жалпы санының бір пайызынан асып кетсе, ол мұндай сатып алу туралы өз акционерлеріне жария етуге және кейіннен орналастырылған акцияларды осы Ереженің 2-тарауында белгіленген тәртіппен сатып алуға міндетті.
30. Қоғамның Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде акциялардың түріне, санына, сатып алу бағасына, оларды сатып алу шарттарына, акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын мерзімге және Қоғам оларды сатып алудан бас тартуға құқылы болатын мерзімге нұсқау болуы тиіс.
31. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуға арналған өтінімдер қабылданатын мерзім өткеннен кейін Қоғамның жауапты қызметкерлері акционерлер сатып алуға мәлімдеген Қоғам акцияларының санын Қоғам сатып алуға



жариялаған акциялардың санымен салыстырып, пропорция коэффициентін есептейді (қажет болғанда).

32. Акцияларды ұстаушылардың тізілімі жүйесінен алынған акцияларды сатып алынған бағалы қағаздарға арналған Қоғам шотына есепке алу туралы үзінді жазбаның негізінде Қоғамның жауапты қызметкері акционердің толық атауын немесе аты-жөнін, жеке басын растайтын құжатты, акционердің СТН-нін және ақшаны есепке алу үшін банктік деректемелерін көрсете отырып, бухгалтерияға ақшаны аударуға арналған өкімді әзірлейді. Бір мезгілде, Қоғамның жауапты қызметкері өкімге Акцияларды сатып алу-сату шарттарының түпнұсқаларын қоса береді.
33. Бухгалтерия өкімнің негізінде ақшаны акционер Акцияларды сатып алу-сату шартында көрсеткен деректемелерге аударады.
34. Тіркеуші Қоғам өөі шығарған акцияларды сатып алатын мерзім аяқталғаннан кейін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінен түпкілікті үзінді жазбаны жасайды.
35. Акциялар сатып алынғаннан кейін және акцияларды ұстаушылардың тізілімі жүйесінен алынған тіркеушінің үзінді жазбасының негізінде Қоғамның жарғылық капиталының мөлшері ол сатып алған акциялардың сомасына азайтылады.
36. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен сатып алынған акцияларды өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

#### *Акцияларды сатып алу бағасын айқындау әдістемесі.*

37. Акцияларды сатып алу бағасын айқындаған кезде Қоғамның Директорлар кеңесі келесі әдістердің бірімен айқындалған баға бойынша акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:
  - акциялардың ағымдағы нарықтық құны;
  - акциялардың баланстық құны;
  - бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығындағы орташа алынған баға;
  - бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығындағы ағымдағы нарықтық баға;
  - Қоғамның маркет-мейкері сұранысының бағасы бойынша (бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында ағымдағы нарықтық бағасы болмаған жағдайда).
38. Акцияларды акциялардың ағымдағы нарықтық құны бойынша сатып алу. Қоғамның өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуы акциялардың ағымдағы нарықтық құны бойынша жасалуы мүмкін әрі оның айқындау әдістемесі осы Ережеде көрсетілген.

Акциялардың ағымдағы нарықтық құнын айқындаған кезде жалпы қабылданған үш тәсілдердің әдісі қолданылады: кірісті, салыстырмалы және негізінде барлық акционерлік капиталдың нарықтық құнын айқындау жатқан активтердің құны негізіндегі тәсіл.

Кірісті тәсіл шеңберінде бизнестің құны табысты капиталдандыру әдісімен және дисконтталған ақша ағымдарының әдісімен айқындалуы мүмкін.

Салыстырмалы тәсіл негізгі үш әдісті: капиталдар нарығының әдісін, мәмілелер әдісін және салалық коэффициенттер әдісін пайдалануды болжайды.

Активтердің құны негізіндегі тәсіл таза активтердің әдісімен айқындалады.

Жоғарыда көрсетілген әдістермен акциялардың нарықтық құнын бағалау есептелгеннен кейін субъективті таразылау әдісімен бірыңғай нарықтық құны шығарылады.

39. Акцияларды баланстық құны бойынша сатып алу.

Қоғамның өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуы, егер акциялардың нақты ағымдағы нарықтық құнын айқындау мүмкін болмаған жағдайда, акциялардың баланстық құны бойынша жасалуы мүмкін.

Бір акцияның баланстық құны меншікті капиталдың орналастырылған жай акциялардың жалпы санына ара қатынасы ретінде айқындалады.

40. Акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында орташа алынған бағасы бойынша сатып алу.

Қоғамның өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуы орналастырылған акцияларды сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы, бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында үздіксіз қарсы аукцион әдісімен соңғы отыз күнтізбелік күнде жасалған мәмілелердің деректері негізінде олардың орташа алынған нарықтық бағасы бойынша жасалуы мүмкін.

Қоғамның акцияларды сатып алуы туралы жариялаған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн үшін Қоғам акцияларының орташа алынған нарықтық бағасының есебі тек бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми деректерінің негізінде ғана жасалады. Акциялардың орташа алынған бағасының есебі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жасалады;

Қоғамның жай акцияларының орташа алынған нарықтық бағасы сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғам шығарған акцияларды сатып алу туралы жариялаған күннің алдындағы отыз күнтізбелік күн ішінде үздіксіз қарсы аукцион әдісімен сауда-саттықта Қоғамның жай акцияларымен (ақшалай) жасаған мәмілелердің жиынтық



көлемінің мұндай мәмілелердегі жай акциялардың жиынтық құнына ара қатынасы ретінде есептеледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$P = V/Q$$

$P$  – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн үшін жай акциялардың орташа алынған бағасы;

$V$  – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн үшін Қоғамның жай акциялары бойынша ақшалай мәмілелердің жиынтық көлемі;

$Q$  – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы жарияланған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күн ішінде жасалған мәмілелердегі жай акциялардың жиынтық саны.

Қоғамның артықшылықты акциялардың орташа алынған нарықтық бағасы жоғарыда келтірілген формуланы қолдана отырып, дәл сондай әдіспен есептеледі. Бірақ есепке тек Қоғамның артықшылықты акцияларымен жасалған мәмілелер ғана алынады.

41. Қоғамның акцияларын бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында ағымдағы нарықтық бағамен сатып алу.

Қоғамның өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуы бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық бағасы бойынша жасалуы мүмкін, әрі оны сауда-саттықты ұйымдастырушы оның бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес есептеліп, апта сайын оның ресми Интернет –сайтында жарияланып тұрады.

Қоғамның Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық бағасы бойынша сатып алу туралы шешімді қабылдаған кезде Қоғам сауда-саттықты ұйымдастырушы есептеген және Қоғамның Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған аптада жариялаған акциялардың ағымдағы нарықтық бағасына тең баға бойынша акцияларды сатып алады.

42. Қоғамның акцияларын Қоғамның маркет-мейкерінің сұраныс баға белгілеуінің бағасы бойынша сатып алу.

Қоғамның өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алуы Қоғам мен маркет-мейкер арасында жасалған шартқа сәйкес Қоғамның акциялары бойынша маркет-мейкердің функцияларын орындайтын маркет-мейкердің сұраныс баға белгілеуінің бағасы бойынша жасалуы мүмкін.



Қоғамның Директорлар кеңесі маркет-мейкердің сұраныс баға белгілеуінің бағасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған кезде Қоғам өз бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу күніне маркет-мейкер берген Қоғам акцияларына маркет-мейкердің сұраныс баға белгілеуінің ағымдағы бағасына сәйкес келетін баға бойынша акцияларды сатып алады.

Егер Қоғамның акциялары бойынша маркет-мейкердің функцияларын бағалы қағаздар нарығының біреуден көп кәсіпқой қатысушысы жүзеге асырған жағдайда, акцияларды сатып алу бағасы үшін Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу күніне Қоғамның акциялары бойынша жұмыс істеп тұрған маркет-мейкерлер жариялаған Қоғамның акцияларына сұраныс баға белгілеуінің ең жоғары бағасы алынады.

43. Қоғам акцияларын сатып алудың өзге де тәсілдері.

Акционерлер Қоғам акцияларын бағалы қағаздардың қайталама нарығында сатқан жағдайда, Қоғам акцияларды сатқысы келген адамға оларды Қоғамның өзімен немесе үшінші тұлғалармен ұсынылған бағадан жоғары баға бойынша сатып алу туралы ұсыныс жасауға құқылы. Сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, бағасы және Қоғам деректемелері туралы мәліметтер болуы тиіс.

#### 4-тарау. АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАБЫ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

44. Орналастырылған акцияларды сатып алуды Қоғам акционердің талабы бойынша жасауы тиіс, әрі ол мынадай жағдайларда ұсынылуы мүмкін:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдауы (егер акционер Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы мәселе қарастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысса және оған қарсы дауыс берсе);
  - 2) ірі мәмілені жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуында Қоғамның қызығушылығы бар мәмілені жасау туралы шешіммен келіспесе;
  - 3) акционерлердің жалпы жиналысының осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарын шектейтін Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар туралы шешім қабылдауы (егер акционер мұндай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, көрсетілген шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе).
45. Осы Ереженің 44-тармағының 1) – 3) тармақшалырында көрсетілген негіздер болғанда, акционер акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі

тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде Қоғамға жазбаша өтінішті жіберу арқылы оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қоюға құқылы.

46. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алуы туралы өтініште сатып алу туралы нақты әрі біржақты талабы, акционер сатып алуға ұсынған акциялардың саны мен түріне нұсқау, сондай-ақ акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондары болуы тиіс.
47. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алуы туралы өтініш Қоғамға атқарушы органның орналасқан жері бойынша жіберілуі тиіс.
48. Қоғам көрсетілген өтінішті алған күннен бастап отыз күн ішінде акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.
49. Қоғамның Директорлар кеңесі осы Ереженің 44-тарамағының 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген негіздемелер болмағанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де жағдайларда және акционерге Қоғамның Директорлар кеңесі тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып акцияларды сатып алуға рұқсат бермеу туралы хабарламаны жібере отырып, Қоғамның өзі орналастырған акцияларды сатып алуға тыйым салынатын өзге де жағдайларда акционерге акцияларды сатып алуға рұқсат бермеуге құқылы.
50. Қоғамның Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде сатып алу туралы өтінішті берген акционерге Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамға тиесілі акцияларды сатып алуы, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы шешімді қабылдауы туралы хабарламасы бар құлақтандыру жіберіледі.
51. Қоғамның акцияларды сатып алуы осы Ереженің 2-тарауында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

#### *Акцияларды сатып алу бағасын айқындау әдістемесі.*

52. Қоғам акционерінің талабы бойынша Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу бағасын Қоғамның Директорлар кеңесі осы Ереженің 3-тарауының 37-43-тармақтарына сәйкес акционердің акцияларды сатып алу өтінішін Қоғам кеңесінде тіркеу күнгі жағдай бойынша айқындайды.
53. Егер акционер ұсынылған сатып алу бағасы бойынша Қоғаммен келіспеген жағдайда, тараптар өзара уағдаластық бойынша сатып алу бағасын белгілеуге



құқылы. Тараптар сатып алу бағасы бойынша келісімге келе алмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

#### **5-тарау. АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ**

54. Қоғамның өз бастамасы бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда акционердің талабы бойынша Қоғамның акцияларды сатып алу жағдайларын қоспағанда, акционердің өтініші бойынша Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу тәртібі.
- 1) Оған тиесілі Қоғам акцияларын сатқысы келген Қоғам акционері оған тиесілі акцияларды Қоғамның сатып алуы туралы өтінішпен хабарласуға құқылы.
  - 2) Акционердің оған тиесілі акцияларды Қоғамның сатып алуы туралы өтініші жазбаша түрде жасалып, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасау туралы нақты әрі біржақты ұсынысты, акционер сатуға ұсынған акциялардың санына, сату бағасына және мәміленің өзге де елеулі шарттарына, сондай-ақ акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондарына нұсқауды қамтуы тиіс.
  - 3) Оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішті акционер Қоғамна атқарушы органның орналасқан жері бойынша жіберуі тиіс.
  - 4) Акционер сатып алуға ұсынған акцияларды сатып алу туралы өтінішті Қоғамның Директорлар кеңесі акционер хабарласқан күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарауы тиіс. Акционердің Қоғамға хабарласқан күне акционер өтінішінің Қоғам кеңесінде тіркелген күні болып табылады.
  - 5) Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің өтінішінде аталған мәмілелердің шарттарымен келіспеген жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі акционерге ұсынылған акцияларды сатып алудан бас тартуға немесе Қоғам Басқармасына мәміленің шарттары бойынша келісімге қол жеткізу үшін келіссөздерге кірісуге тапсыруға құқылы.
  - 6) Қоғам Басқармасы сатып алу шарттары бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционермен келіссөздерге кіріскен жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі сатып алу немесе сатып алудан бас тарту туралы түпкілікті шешімді Қоғам Басқармасынан Қоғам акционерімен болған келіссөздердің нәтижелері туралы ақпаратты алған күннен бастап он бес жұмыс күнінің ішінде қабылдайды.
  - 7) Қоғамның Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған жағдайда оған тиесілі акцияларды сатып алуға ұсынылған акционерге Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның оның акцияларын сатып алуы, сатып алу бағасы,



акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттардың тізбесі туралы шешімді қабылдау жөніндегі хабарламасы, сондай-ақ акционердің тұрғылықты жеріне жақын Қоғамның облыстық, аймақтың немесе аудандық филиалының немесе Қоғамның есеп-айырысу-кассалық бөлімінің мекен жайы мен телефон нөмірлері, сондай-ақ акционер сатып алу-сату шартын жасау үшін келуі тиіс мерзімі бар хабарлама жіберіледі және ол өткеннен кейін Қоғам акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы.

- 8) Қоғамның акцияларды сатып алуы тараптардың сатып алу-сату Шартына қол қою және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Ереженің

арқылы жүзеге асырылады.

#### **Акционердің өтініші бойынша акцияларды сатып алу бағасын айқындау әдістемесі.**

Акционердің өтініші бойынша Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алу бағасы тараптардың уағдаластығы бойынша белгіленеді.

### **6-тарау. СОТТЫҢ ШЕШІМІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ**

#### **55. Соттың шешімі бойынша шығарылған акцияларды сатып алу тәртібі.**

- 1) Соттың күшіне енген тиісті шешімі болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның акционеріне тиесілі акцияларды Қоғамға соттың шешімі түскен күннен бастап он бес күн ішінде, егер өзге мерзім сот шешімінде көрсетілмесе, сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті. Қоғамға сот шешімінің түсу күні сот шешімінің Қоғам кеңсесінде тіркелген күні болып табылады.
- 2) Соттың шешімі Қоғамға оның заңды күшіне енгенге дейін түскен жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесінің акцияларды сатып алу туралы шешімін қабылдау үшін он бес күндік мерзімнің есептелуі соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап басталады.
- 3) Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күнінің ішінде акционерге Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның оның акцияларын сатып алуы, сатып алу бағасы, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттардың тізбесі туралы шешімді қабылдау жөніндегі хабарламасы, сондай-ақ акционердің тұрғылықты жеріне жақын Қоғамның облыстық, аймақтың немесе аудандық филиалының немесе Қоғамның есеп-айырысу-кассалық бөлімінің мекен жайы мен телефон нөмірлері, сондай-ақ

акционер сатып алу-сату шартын жасау үшін келуі тиіс мерзімі бар хабарлама жіберіледі.

- 4) Қоғамның сот шешімі бойынша акцияларды сатып алу тәртібі акционердің өтініші бойынша акцияларды сатып алу тәртібін реттейтін осы Ереженің 5-тарауының нормаларымен реттеледі.

*Соттың шешімі бойынша акцияларды сатып алу бағасын айқындау әдістемесі.*

Қоғамның сот шешімінің негізінде шығарылған акцияларды сатып алу бағасы, егер өзгесі сот шешімімен айқындалмаса, тараптардың уағдаластығымен белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасына Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алу бағасы бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционермен келіссөздерге кірісуге тапсыруға құқылы.

### 7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

56. Осы Ереже оны Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап қолданысқа енеді.
57. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қоғам Жарғысының өзгеруі нәтижесінде осы Ереженің жекелеген баптары онымен қарама-қайшы келсе, Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін бөлікте қолданылады.

«Павлодарэнерго» АҚ  
Басқарма төрағасы



Дука А.И

